

## БЕЙНАЛДЫ ДАЯРЛАУДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

З.А. Мовкебаева , Г.Н. Жолтаева , Б.Ж. Альмухамбетова\* 

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.*  
\*e-mail: [zmovkebaewa@mail.ru](mailto:zmovkebaewa@mail.ru), [gzh1661@mail.ru](mailto:gzh1661@mail.ru), [bibigulya74@mail.ru](mailto:bibigulya74@mail.ru)

*Аңдатпа. Мақала ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды бейіналды даярлау үдерісінде психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру мәселесімен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларда әлеуметтік және кәсіпке дейінгі құзыреттілікті, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту мәселелеріне арналған. Бейіндік білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың жеке формаларын пайдалану үшін үлкен болжамдық әлеуетке ие. Бейінді таңдау мәселесі осы оқушылар үшін де, олардың ата-аналары үшін де қиындық тудырады. Зерттеудің мақсаты – арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал ететін психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен құрылымын ғылыми тұрғыда негіздеу. Зерттеудің негізгі идеясы бейіналды даярлауды осы қатардағы білім алушыларды өмірлік және кәсіби таңдауға кешенді дайындаудың тиімді құралы ретінде қарастыруға негізделеді. Зерттеудің ғылыми маңызы психологиялық-педагогикалық қолдаудың кезеңдері мен бағыттарын жүйелеу арқылы бейіналды даярлау теориясын толықтырумен сипатталады. Практикалық маңызы зерттеу нәтижелерін білім беру ұйымдарында педагогтер, психологтар және әлеуметтік педагогтер пайдалана алуымен айқындалады. Зерттеу барысында теориялық талдау, салыстырмалы талдау, педагогикалық бақылау және жалпылау әдістері қолданылды. Жүргізілген зерттеудің мәні – ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды бейіналды даярлау үдерісінде психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың теориялық негіздері. Нәтижесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды бейіналды даярлау үдерісінде психологиялық-педагогикалық қолдауды тиімді іске асырудың кезеңдері айқындалып, оның кәсіби бағдарлау тиімділігін арттыратыны дәлелденді.*

**Кілт сөздер:** ерекше білім беру қажеттіліктері, бейіналды даярлау, психологиялық-педагогикалық қолдау, кәсіби бағдар беру, кәсіби өзін-өзі анықтау, инклюзивті білім беру, әлеуметтену.

### Кіріспе

Мамандық таңдау – бұл әр адамның өміріндегі маңызды кезең, бұл таңдау, әсіресе, психофизикалық дамуындағы бұзылыстармен байланысты кәсіби мүмкіндіктері белгілі бір дәрежеде шектелген ерекше білім беру қажеттіліктері бар (бұдан әрі ЕББҚ) балаларға қиындық тудырады. Осы ретте ЕББҚ балаларда әлеуметтік және кәсіпке дейінгі құзыреттілікті және айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту маңызды мәселе болып табылады. Бейіндік білім беру ЕББҚ балаларды оқытудың жеке формаларын пайдалану үшін үлкен болжамдық әлеуетке ие. Ал бейінді таңдау мәселесі ЕББҚ оқушылар үшін де, олардың ата-аналары үшін де қиындық тудырады. Сондықтан, ЕББҚ білім алушыларды өмірдегі негізгі таңдаулардың бірін жасауға кешенді даярлау ретінде бейіналды даярлау міндеттері ерекше маңызға ие. Оқушы өз аумағында қол жетімді білім беру ұйымдарында білім алуды жалғастырудың мүмкін жолдары туралы ақпарат алуы керек, өз күштерін бағалап, жауапты шешім қабылдауы керек. Қазіргі қоғамда еңбек нарығының талаптары өзгеріп, білім беру мазмұны жаңарып жатқан кезеңде ЕББҚ оқушыларды ерте жастан кәсіби бағдарлауға дайындау маңызды болып отыр. Осы ретте, бүгінгі инклюзивті білім беру кеңістігінің дамуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына жағдай жасау қажеттілігі мақаланың өзектілігін айқындайды. Тәжірибе көрсеткендей, бейіналды даярлау жұмыстары барлық білім беру ұйымдарында бірдей деңгейде ұйымдастырылмаған. Оның мазмұны, әдістері мен жүзеге асыру жолдары нақты жүйеге түсе бермейді. Сонымен қатар, ата-аналар мен педагогтердің кәсіби бағыт-бағдар беру саласындағы дайындық деңгейі де әртүрлі.

Осындай қарама-қайшылықтар ЕББҚ оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесін тереңірек қарастыруды талап етеді. Мақаланың мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу негізінде бейіналды даярлауды тиімді ұйымдастырудың мазмұны мен жолдарын айқындау және оны жүзеге асырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін нақтылау.

Біздің мақаламызда бейіналды даярлау жағдайында ЕББҚ оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің теориялық және әдіснамалық негіздері қандай, осы санаттағы баланың кәсіби өзін-өзі анықтауына қандай психологиялық әлеуметтік факторлар әсер етеді деген бірқатар нақты зерттеу сұрақтарына жауап ізделді.

Кең мағынада бейіналды даярлау кәсіптік бағдар беру жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Кәсіптік бағдар беру бойынша теориялық және ғылыми-практикалық материалдарды зерделеу АҚШ, Канада, сондай-ақ Батыс Еуропа елдері: Финляндия, Ұлыбритания, Германия, Норвегия, Нидерланды елдерінде мектептегі кәсіптік бағдар берудің сәтті дамығанын көрсетті [1]. Осы елдердің сарапшыларының пікірінше, кәсіптік бағдар беру саясаты тең мүмкіндіктерді ілгерілетуге, оқудан шыққан оқушылардың пайызын төмендетуге ықпал етті; жалпы, бұл елдерде кәсіптік бағдар беру саясатын енгізумен байланысты басқа да әлеуметтік және экономикалық аспектілерде оң өзгерістер болды [2].

Көптеген шетелдік зерттеушілер (А. Donaldson [3], Е. Zappella [4], З.А. Мовкебаева [5], Н.С. Чистякова [6], А.В. Лаврентьева [7] және т.б.) ЕБҚ оқушылардың кәсіпалды даярлығы мен олардың кәсіптік өзін-өзі анықтауының байланыстығын атап көрсетті. Қарастырылған жұмыстарда ЕББҚ оқушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауы процесінде үлкен қиындықтарға тап болатынына назар аударылған.

Мектептердегі кәсіптік бағдар беру жұмысының, оқушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауының, бейіндік оқыту мен бейіналды даярлық мәселелеріне қазақстандық зерттеушілер де көңіл бөлген (А.Д. Сейсенова [1], К. Сыздықова [2], С.К. Исмагулова [8] және т.б.).

Шетелдік және отандық білім берудің теориясы мен практикасын зерделеу және талдау ЕББҚ бар білім алушылардың өмірлік, жеке, кәсіптік өзін-өзі анықтауға даярлауды жетілдіру тәсілі ретінде бейіналды даярлау мәселесіне қызығушылықты көрсетеді. Бейіналды даярлықты көптеген зерттеушілер болашақ оқуының таңдаған бейіндік бағыттарына және кейінгі кәсіби қызметінің кең саласына қатысты жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі анықтауына ықпал ететін, оның ішінде психологиялық-педагогикалық қызмет жүйесі ретінде анықтайды.

Бейіналды даярлықтың мақсаты кәсіптік бағдарлаумен және табысты әлеуметтенумен байланысты тәжірибеге бағдарланған міндеттерді шешу үшін қажетті оқушының кәсіптік бағдарлау құзыреттіліктерін қалыптастыру арқылы еңбек нарығының жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алушылардың оқыту бейінін таңдауға және кәсіптік өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастыру болып табылады.

Мамандар бітіруші сынып оқушыларының өмірлік ұмтылыстары мен талаптары әр түрлі, сонымен бірге олар көбінесе жеткіліксіз, тұрақсыз және физикалық мүмкіндіктерге сәйкес келмейтінін атап өтеді, сол себептен бейіналды даярлау мамандық таңдауды саналы етуге деген ұмтылысты дамытуға, ал кәсіптің өзі олар үшін қол жетімді және қызықты етуге бағытталуы керек [9]. Сондықтан теориялық дереккөздерді талдау көрсеткендей, бейіналды даярлау мақсатына жету үшін бірқатар мәселелерді, оның ішінде оқушыларға кәсіптік өзін-өзі анықтау процесінде психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мәселесін шешу қажет. Яғни, ЕББҚ білім алушыларды бейіналды даярлауды іске асыру оларды психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісімен бірге жүзеге асырылуы тиіс.

Қазіргі педагогика мен психологияда «психологиялық-педагогикалық қолдау» ұғымын, біріншіден, балалардың әлеуметтік құқықтарын қорғауға мүдделі қоғамның әртүрлі қызметтерінің іс-әрекетімен байланыстырады [10], екіншіден, психологиялық-педагогикалық қолдау деп оларды анықтауға және қолдауға бағытталған жеке ерекшеліктері [11], бейімділігі бойынша саралау мақсатында өткізілетін әртүрлі іс-шаралар [12] жүйесі түсініледі. Жалпы алғанда, зерттеулердің көпшілігінде психологиялық-

педагогикалық қолдауды баланың тұлғасының белгілі бір жеке мәселелерін шешуге бағытталған ересек адамның кәсіби іс-әрекетінің ерекше түрі ретінде анықтайды [13].

Ал зерттеудің практикалық маңызы зерделенген теориялық тұжырымдардың жалпы білім беру ұйымдарының бейіналды даярлау тәжірибесінде нақты қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Сонымен қатар, ұсынылған теориялық мазмұндық бағыттар білім беру ұйымдарында ЕББҚ оқушыларды сүйемелдеудің бірізді жүйесін қалыптастыруға және олардың саналы бейін таңдауына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

### **Материалдар мен әдістер**

Қарастырылып отырған мәселе психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша материалдарды талдау мен жалпылау – бұл білім алушының тұлғасын қалыптастыруға, оның дамуына оң әсер ететін қолдау жағдайларын біріктіруге бағытталған іс-әрекет деп қорытуға болады. Психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру ересектер мен балалардың психологиялық-педагогикалық іс-әрекетінің өзара әрекеттесуіне бағытталған. Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі субъектілеріне балалар, оқудағы мәселелерді шешуде олардың дербестігін дамыту үшін жағдай жасау бойынша мақсатты педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыратын педагогтар, психологтар және ата-аналар жатады.

Психологиялық-педагогикалық жұмыстың мазмұны үшін келесі тұжырымдар маңызды болып саналады [14]:

- балалар психологиясының қалыптасуы тұлғаның интегративті қасиеттерін қалыптастырудың негізгі принциптері ретінде жасқа байланысты жаңа сапалар пайда болуына әкелетін процесс ретінде қарастырылады;

- балалардың психологиялық дамуының сәттілігі жеке және жас ерекшеліктерін қалыптастырудың заңдылықтарын қарастыратын психологиялық-педагогикалық қолдауға байланысты;

- балалардың мінез-құлқ дағдыларын игеруі жүзеге асырылатын өзгермелі мәдени ортаны құру;

- психологиялық-педагогикалық қолдау және көмек балаларда интегративті қасиеттерді қалыптастыру процесі ретінде түсініледі;

- эмоционалды-сезімдік саланы байыту іс-әрекетке субъективті мән беретін мотивациялық элементтердің қалыптасуының нәтижесі болып табылады;

- психологиялық-педагогикалық қолдаудың гуманистік бағдарланған процесі субъект-субъект қатынастарды жүзеге асыру процесі болуы керек. Субъект-субъективті өзара әрекеттесу мұғалімнің оқу-тәрбие процесіне жеке қатысуын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруға көзқарас ретінде жұмысқа саналы қызығушылығын болжайды.

Осылайша, ЕББҚ оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау – бұл психофизикалық бұзылулармен байланысты әлеуметтену мәселелерін жеңуге бағытталған педагогтердің кәсіби іс-әрекетінің жүйесі деген қорытынды жасауға болады. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың субъектілері ЕББҚ балалар, олардың ата-аналары (қамқоршылары) және ЕББҚ балалармен жұмыс істейтін мамандар болып табылады. Іс-әрекет ЕББҚ білім алушыларға бағытталған. Ұйымдастыру құрылымының субъектілеріне – педагогтер мен басқа мамандар, ЕББҚ балалардың ата-аналары, процестеріне – диагностика, жоспарлау, қызметті жүзеге асыру, бақылау кіреді.

Арнайы білім беру ұйымдарында педагогтің психологиялық-педагогикалық қолдау іс-әрекеті мазмұнына мыналар кіреді:

- баланың әлеуеті мен даму деңгейіне қойылатын мүмкіндіктер мен талаптарды ескере отырып, білім беру мекемесінде оқу-тәрбие ортасын талдауды жүзеге асыру;

- білім алушыны оқыту және дамыту тиімділігінің психологиялық критерийлерін анықтау;

- оқушының сәтті дамуы мен оқуының шарты ретінде қарастырылатын белгілі бір іс-шараларды әзірлеу және енгізу;

- «ерекше балаларды» дамытудың максималды әсерін қамтамасыз ететін педагог іс-әрекетінің белгілі бір жүйесін әзірлеу [15].

Психологиялық-педагогикалық қолдау іс-әрекетінің мазмұнын жобалау мақсатындағы маңызды тұжырымдардың бірі оқу қарқынына әсер ететін ЕББҚ білім алушының көпфункционалды дамуының біркелкі болмайтындығы деп есептеледі. ЕББҚ білім алушыларды бейіналды даярлау әрбір нақты оқушы үшін оларды оқыту бейінін таңдауға даярлаудың абстрактілі формасы емес, бейінді таңдауға көмек және одан әрі білім алушының нақты орнын анықтайтын даярлау құралы болуы керек.

Қарастырылған материалдар негізінде арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында бейіналды даярлау процесінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау мыналарды қамтуы керек деп айтуға болады:

- психологиялық-педагогикалық диагностиканы (оқудың барлық кезеңінде білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерттеу; тұлғаның жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның оқыту және тәрбиелеу процесінде, кәсіби өзін-өзі анықтаудағы әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау; оқытудағы, дамытудағы, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтау);

- психологиялық-педагогикалық кеңес беру (білім алушыларға, педагогтерге, ата-аналарға (қамқоршыларға) дағдарыстық жағдайларды еңсеруде, нақты өмірлік жағдайларға бейімделуде психологиялық мәселелерді шешуге көмек көрсету, жеке өсу мен өзін-өзі дамытуға жәрдемдесу);

- түзету-дамыту қызметін (білім беру бағдарламаларын меңгеруде қиындықтар сезінетін білім алушыларға көмек көрсету, дамудағы анықталған ауытқуларды жою немесе түзету; оқушылардың жеке және танымдық салаларын дамытудағы жағымсыз құбылыстардың алдын алу, оқудың психологиялық жайлылығын арттыру);

- психологиялық ағарту (білім алушыларда, олардың ата-аналарында (қамқоршыларында), педагогтерде психологиялық құзыреттілікті қалыптастыру, өзін-өзі реттеу дағдыларын, психологиялық білімге деген қажеттілікті дамыту, оларды өз дамуының мүддесі үшін және кәсіптік бағдар беру міндеттерін шешу үшін пайдалануға деген ұмтылыс);

- психологиялық профилактиканы (білім алушылардың дезадаптациясы мен девиантты мінез-құлқын, балалар мен ересектер ұжымдарындағы жағымсыз құбылыстарды анықтау және алдын алу, білім алушыларға, педагогтарға, ата-аналарға (қамқоршыларға) оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде көмек көрсету бойынша профилактикалық бағдарламалар мен ұсынымдар әзірлеу);

- білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету (білім беру кеңістігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың жеке, зияткерлік, әлеуметтік дамуына, өзін-өзі тануына және өзін-өзі жүзеге асыруына көмектесу);

- кәсіптік бағдар беруді (ЕББҚ оқушылардың кәсіптік және тұлғалық ерекшеліктерін, олардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін зерделеу, кәсіби өзін-өзі анықтауға көзқарастарын, тұлғаның тұрақты мотивациясы мен бағыттылығын, бейімділіктерін, қабілеттер мен тұлғалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіпті саналы түрде таңдауға дайындығын қалыптастыру);

- ұйымдастыру-әдістемелік жұмысты (білім беру үдерісі субъектілерінің құзыретін арттыру, оқу-тәрбие іс-әрекетінің, білім беру бағдарламалары мен жобаларының кешенді сараптамасына қатысу, оқытуға педагогикалық технологияларды енгізу).


ЕББҚ оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін іске асыруға білім беру процесінің барлық субъектілері қатысады: оқушылар, сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, әкімшілік, медициналық персонал, ата-аналар, бейіналды және бейіндік даярлықты іске асыру тұрғысынан мектеппен ынтымақтасатын мекемелер. Психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін құрудағы маңызды сәт элективті курстар кешенін ойластыру болып табылады: курстардың саны мен

нұсқалары, болашақ бейінді таңдауға бағыттылығы, әзірлеу және оқыту сапасы, осы курсты жүргізу үшін әдістемелік ұсыныстардың болуы.

Бейіналды даярлау мақсатында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы мен әлеуметтенуіне қатысты эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Сауалнаманың негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың кәсіби өзін-өзі айқындауы мен әлеуметтенуіне ықпал ететін бейіналды және еңбекке даярлықтың жай-күйін, бағыттылығын талдау және оны жетілдіру жолдарын айқындау болды. Сонымен қатар келесідей міндеттер қамтылды:

- білім алушылардың өмірлік және кәсіби өзін-өзі айқындауға дайындығы деңгейін анықтау;
- білім алушылардың кәсіби қалауларын айқындау;
- білім беру ұйымдарындағы бейіналды және еңбекке даярлықтың мамандық таңдауға ықпал ету деңгейін анықтау;
- мамандық таңдауға әсер ететін уәждер мен факторларды айқындау;
- білім алушылардың кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алуға дайындығын анықтау;
- мүмкіндігі шектеулі түлектер бойынша ақпараттық-талдамалық дерекқор қалыптастыру.

Сауалнаманы өткізу мерзімі 2024 жылғы қараша – 2025 жылғы қаңтар аралығын қамтыды. Сауалнама офлайн режимде әңгімелесу және сауалнама парақтарын толтыру арқылы жүргізілді. Сауалнаманы 46 сұрақ құрады. Берілген сұрақтарда оқушының бос уақытына, мектептегі өзінің ұнататын немесе ұнатпайтын пәндеріне, жалпы оқушының болашақ кәсібімен байланысты жақтары айқындалып зерделенді (1 сурет).



Сурет 1 – Сауалнамаға қатысқан білім алушылар саны

Зерттеуге Жетісу өңірінің арнайы білім беру ұйымдарының жоғары сынып оқушылары: есту қабілеті бұзылған (14 оқушы) және интеллект бұзылыстары бар (12 оқушы), көру қабілеті бұзылған (17 оқушы) балалармен жүргізілді (1-кесте).

Кесте 1 – Сауалнамаға қатысқан білім алушылар саны

№	Аймақ	Мектеп	Оқушылар саны					барлығы:
			8 сынып	9 сынып	10 сынып	11 сынып	12 сынып	
1	Жетісу облысы	1 топ	-	5	9	-	-	14
2		2 топ	-	3	9	-	-	12
3		3 топ	-	-	17	-	-	17

Зерттеу жоғары сынып оқушыларының өмірлік және кәсіби өзін-өзі айқындауға дайындығы сияқты интегралды көрсеткіштерді, сондай-ақ мұндай дайындықтың

қалыптасуына ықпал ететін жағдайлар мен факторларды анықтауға бағытталды. Зерттеуді ұйымдастыру барысында бізді сонымен қатар оқушылардың еңбекке қатысты жеке қалаулары, құндылықтық бағдарлары, болашақ мамандықты таңдауға байланысты түсініктері мен күтілімдері қызықтырды.

Психофизикалық дамуындағы шектеулер көбінесе мұндай бұзылыстары бар адамдарға өздері қалаған еңбек түрлерін атқаруға мүмкіндік бермейді, ал әлеуметтік ортаның тарылуы еңбек нарығының талаптарын объективті бағалауға және қазіргі жағдайда бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге кедергі келтіреді. Соның салдарынан мамандықтар әлемі туралы түсініктер дәл болмауы мүмкін, ал зияттық дамуында бұзылыстары бар балаларда бұл түсініктер өте шектеулі болуы ықтимал. Деректердің объективті көрінісін алу мақсатында сауалнамада мамандық таңдауға ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік беретін сұрақтар блогы қолданылды.

Ерекше назар аударуды қажет ететін мәселелердің бірі – мемлекет тарапынан мұндай балаларға қатысты патерналистік көзқарас және мүмкіндігі шектеулі адамдардың бір бөлігінің осы ұстанымды қабылдауға дайын болуы. Мұндай тәсіл белгілі болғандай, азаматтардың осы санатының маргинализациясына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты білім алушылардың еңбек таңдаудың әлеуметтік маңыздылығы туралы білімін және олардың жалпы өмірлік ұстанымын айқындауға бағытталған сұрақтар блогы біз үшін айрықша қызығушылық тудырды.

Түлектердің кәсіби өзін-өзі айқындау жоспарларын саналы түрде таңдауы мен мектептен кейін табысты әлеуметтену деңгейін анықтау үшін интегралды бағалаудың келесі компоненттері қарастырылды:

- ақпараттық компонент – болашақ түлектердің мамандықтар әлемі мен қазіргі еңбек нарығы туралы білімдерінің болуы;
- когнитивтік компонент – білім алушының дағдылары, білімдері, қабілеттері, уәждері мен жеке бейімділіктерінің қалыптасу деңгейі;
- психологиялық компонент – болашақ еңбек қызметіне эмоционалдық-еріктік даярлық жағдайы.

Арнайы білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері келесі параметрлерді талдауға мүмкіндік берді:

- арнайы мектептердің бітіруші сыныптарындағы білім мазмұнының білім алушылардың өмірлік және кәсіби жоспарларына сәйкестігі;
- мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың болашақ кәсіби қызметі туралы түсініктерінің қалыптасу деңгейі;
- болашақ еңбек қызметінің бейінін таңдауға әсер ететін факторлар;
- мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың құндылықтық бағдарлары мен өз мүмкіндіктерін барабар бағалау қабілеті;
- кәсіби өзін-өзі айқындау үдерісінде мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық көмек пен қолдау жағдайы.

Біз сауалнаманың басты нәтижесі қазіргі арнайы білім беру мазмұны мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың білімін жалғастыру траекториясын таңдауға, кәсіби жоспарларын жүзеге асыруға және жалпы кәсіби өзін-өзі айқындауға қаншалықты дайын екендігін объективті статистикалық тұрғыдан бағалау болуы тиіс деген болжамға сүйендік.

Зерттеу мақсаттарына сәйкес бірнеше сұрақтар блогын қамтитын сауалнама әзірленді (2-кесте):

1. Когнитивтік блок – жоспар құру және өз әрекеттерінің салдарын бағалау қабілеттерін анықтауға бағытталған сұрақтар.
2. Мотивациялық блок – нәтижеге жетуге бағытталған уәждер мен құндылықтық қатынастарды айқындауға арналған сұрақтар.
3. Ақпараттық блок – мамандық таңдауға ықпал ететін факторлар туралы сұрақтар.
4. Коммуникативтік блок – әлеуметтік өзара әрекеттестіктің маңыздылығын анықтауға бағытталған сұрақтар.

5. «Таңдаудың әлеуметтік бағыттылығы» блогы – білім алушылардың еңбек таңдаудың әлеуметтік маңызы туралы білімін анықтауға арналған сұрақтар (2-кесте).

Кесте 2 – Арнайы мектептердің бітіруші сынып оқушыларының алдағы кәсіби қызметі туралы құрастырылған сұрақтардың негізгі бағыттары

№	Бағыттар
1	Когнитивтік блок (жоспар құру және өз әрекеттерінің салдарын бағалау қабілеттерін анықтауға бағытталған сұрақтар)
2	Мотивациялық блок (нәтижеге жетуге бағыттылыққа негізделген уәждер мен құндылықтық қатынастарды анықтауға арналған сұрақтар)
3	Ақпараттық блок (мамандық таңдауға ықпал ететін факторлар туралы сұрақтар)
4	Коммуникативтік блок (әлеуметтік өзара әрекеттестіктің маңыздылығын анықтауға бағытталған сұрақтар)
5	Таңдаудың әлеуметтік бағыттылығы (білім алушылардың таңдаудың әлеуметтік маңыздылығы туралы білімін анықтауға бағытталған сұрақтар)

Қоғамда мүмкіндігі шектеулі балалардың табысты әлеуметтенуіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі – баланың жақын ортасының педагогикалық-психологиялық қолдау жасай алуы, яғни педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу жұмысын ұйымдастыра алу. Себебі аталған іс-шараның нәтижесінде бала өзінің жақын ортасымен коммуникативтік дағдыларын жеткілікті деңгейде қалыптастыра алады. Сондықтан, қоршаған ортамен әлеуметтік қатынастарға түсу дағдыларын анықтауға бағытталған сұрақтар біз тарапымыздан жеке блок ретінде бөлініп алынды. Жасөспірімдік және жоғары сынып жасында жетекші іс-әрекет құрдастарымен қарым-қатынас екені белгілі, дәл осы іс-әрекет барысында жасөспірім үшін аса маңызды психикалық жаңа құрылымдар қалыптасады. Қарым-қатынас арқылы жасөспірімдер әлеуметтік мінез-құлық пен мораль нормаларын меңгереді, бір-бірімен теңдік пен өзара құрметке негізделген қатынастар орнатады. Осы жағдай бізді айналасындағылардың пікірі түлектің болашақ жоспарларына әсер ете ме деген мәселеге ерекше назар аударуға итермеледі.

#### Нәтижелер мен талқылау

Алынған деректерді талдау келесі нәтижелерді көрсетті.


Білім алушылардың болашаққа жоспар құру және өз әрекеттерінің салдарын бағалау қабілеттерін анықтауға бағытталған 1-блок сұрақтары үш топқа бөлінді. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың болашақ қызметінің сипаты туралы түсініктері мен білімдерін анықтау мақсатында жоғарыда көрсетілген модульдердің сұрақтары қойылды. Сауалнама нәтижелері келесі кесте мен суретте берілген (кесте 3).

Кесте 3 – Мектепті аяқтағаннан кейінгі қызметті жоспарлауға қатысты сауалнама сұрақтарына берілген жауаптардың нәтижелері (психофизикалық бұзылыс санатына байланысты сұралғандар санының %-ымен)

Балалардың психофизикалық дамуындағы ауытқулар сипаты	Респондентте р саны (адам)	Білімін жалғастырғысы келеді	Жұмысқа орналасқысы келеді	Мемлекеттік жәрдемақымен өмір сүруге үміттенеді	Жауап беруге қиналады
1 топ	14	9 (71%)	3 (16%)	-	2 (13%)
2 топ	12	8 (73,3%)	2 (16,7%)	1 (5%)	1 (5%)
3 топ	17	17	16 (94%)	-	-

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, 76% оқушы мектеп біткеннен кейін білімін жалғастырғысы келеді. Олардың ішінде – 14 интеллектуалдық дамуы төмен балалар, 16 есту қабілеті бұзылған, 12 көру қабілеті бұзылған оқушы. Мектепті бітіргеннен кейін бірден жұмысқа

кеткісі келетін оқушылар саны – 15; олардың ішінде – 10 интеллектуалдық дамуы төмен балалар, 5 көру қабілеті бұзылған бала. Болашақта колледжге баруды немесе мектеп біткеннен кейін жұмысқа орналасуды жоспарламайтындар көбінесе оқу үлгерімі төмен балалар болып табылады. Бұл топ оқушыларының мотивациясы – мемлекеттік жәрдемақының өз өмірін қамтамасыз етуге жеткілікті болатынына байланысты. 3 оқушы жауап беруде қиындық көрді (сурет 2).



Сурет 2 – Мектепті аяқтағаннан кейінгі қызметті жоспарлау

Аталған мәселені теориялық тұрғыдан зерделеу білім алушылардың өмірлік, тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтауына дайындықты жетілдірудің тәсілі ретінде бейіналды даярлау проблемасына қызығушылықтың бар екенін көрсетеді. Зерттеушілер бейіналды даярлаудың негізгі мақсаты – оқушылардың жеке ерекшеліктері мен еңбек нарығының мүмкіндіктерін ескере отырып, оларды оқыту бейінін таңдауға және кәсіби өзін-өзі анықтауға даярлығын қалыптастыру деп бірауыздан атап көрсетеді. Бұл үдеріс кәсіби бағдар мен табысты әлеуметтенуге байланысты практикалық бағыттағы міндеттерді шешуге қажетті оқушының кәсіби бағдарлық құзыреттерін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Теориялық дереккөздерді талдау бейіналды даярлау мақсатына жету үшін бірқатар міндеттерді шешу қажеттігін көрсетеді, атап айтқанда:

- білім алушылардың өздерінің білім беру және өмірлік жоспарларын айқындауға деген қажеттілігін өзектендіру;
- білім алушылардың білім беру және өмірлік жоспарларын айқындау үдерісін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;
- оқушылардың өзін-өзі тануы туралы түсінігін қалыптастыру;
- білім алушыларды мамандықтар әлемі мен еңбек нарығы туралы ақпараттандыру;
- білім алушылардың әртүрлі кәсіби қызмет салаларында кәсіби сынақтардан өту арқылы жеке тәжірибе алуына жағдай жасау;
- кәсіби орта мен еңбек нарығының өзгермелі жағдайларына бейімделуге ықпал ететін құзыреттерді қалыптастыру.

Мамандардың пікірінше, бейіналды даярлауды тиімді жүзеге асыру мектептің кәсіби бағдарлау қызметін ұйымдастыру аясында, 1-сыныптан бастап кешенді әрі өзара байланысты жұмысты талап етеді. Бұл тұжырым арнайы білім беру ұйымдарының білім алушыларына қатысты ерекше өзектілікке ие. Бейіналды даярлау білім алушыларға жеке білім беру және кәсіби маршруттарды оңтайлы құруға мүмкіндік береді.

Жеке білім беру маршруты – білім алушының білім беру қажеттіліктеріне сәйкес білім алу жолы және ол оқу пәндерінің (пәндер, элективті курстар, сыныптан тыс қызмет бағдарламалары) жиынтығын қамтиды.

Жеке кәсіби маршрут – мамандық алу жолы, кәсіби білім беру ұйымдарының және/немесе кәсіпорындардың (ұйымдардың) жүйелі тізбегі. Мысалы: мектеп – колледж – ЖОО – ұйым/өндіріс; ЖОО – өндіріс; колледж – өндіріс және т.б.

Осылайша, білім беру ұйымында бейіналды даярлауды іске асыру оның дамуының стратегиялық бағытына, білім беру нәтижесіне тиімді қол жеткізудің кепіліне және жалпы білім беру ұйымының даму әлеуетіне айналады.

Білім беру ұйымының мүмкіндіктері мен әлеуметтік ортаның сыртқы жағдайларын ескере отырып, бейіналды даярлау көбінесе:

- тікелей білім беру ұйымының өзінде;
- қосымша білім беретін ұйымдармен ынтымақтастықта;
- білім беру саласындағы кәсіби ұйымдармен, әлеуетті жұмыс берушілермен және кәсіби сынақтар ұйымдастыруға мүмкіндігі бар басқа да мекемелермен әлеуметтік әріптестік бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

Мұндай ықпалдастықта бейіналды даярлау негізгі білім беру бағдарламасының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Алайда мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға қатысты бұл талаптарды іске асыру белгілі бір қиындықтар тудыруы мүмкін.

Толыққанды бейіндік және бейіналды даярлау келесі демократиялық қағидаттарға негізделеді:

- білім беру ұйымындағы барлық оқушылардың таңдалған бейін бойынша оқуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- мектептің кәсіби бағдарлаушы және мәдени қызметтерін үйлестіру;
- оқушыларға оқу бейінін өзгерту мүмкіндігін беру;
- бейін және бейіналды даярлау бағытын таңдауда саналы көзқарасты қалыптастыру;
- оқу барысында таңдалған қызмет саласына қызығушылықты сақтау;
- оқушылардың нақты тілектері мен қабілеттеріне, сондай-ақ өңірлік еңбек нарығының жағдайына бағдарлану.

Бейіналды даярлауды ұйымдастыру кезінде осы үдерістің құрылымында қамтылған төрт негізгі бағытты негізге алу қажет: білім алушылар мен олардың ата-аналарын (қамқоршыларын) ақпараттандыру, бейіналды курстарды іске асыру, психологиялық-педагогикалық көмек, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет.

Білім алушылар мен олардың ата-аналарын (занды өкілдерін) ақпараттандыру – бұл оқушыларды білім беру ұйымында ұсынылатын бейіндік оқыту салаларымен, әрі қарайғы білім алу және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерімен таныстыру, сондай-ақ кәсіби білім алуға мүмкіндік беретін мекемелер туралы, белгілі бір өңірдегі еңбек нарығының жай-күйі мен даму болжамдары жөніндегі өзекті ақпаратпен жұмыс істеу болып табылады. Бұл бағытты іске асыру барысында оқушылар жеке білім беру және кәсіби жоспарды табысты қалыптастыру үшін қажетті ақпарат алады.

Білім беру ұйымында бейіналды курстарды ұйымдастыру білім алушыларға әртүрлі өндірістік бағыттарда өздерін тәжірибе жүзінде сынап көруге мүмкіндік береді. Мұндай курстарды немесе сыныптан тыс іс-шараларды жоспарлау үшін бейінді және болашақ мамандықты таңдау алгоритмін зерделеу қажет. Элективті курстар – оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес келетін, мектеп бағдарламасының жекелеген пәндерін тереңдетіп оқуға мүмкіндік беретін сабақтар. Бұл бағыттың маңызды шарты – курстарды оқушылардың өз еркімен таңдауы.

Бейіналды курстарды меңгеру барысында оқушылар жаңа іс-әрекет тәсілдерін игеру тәжірибесін жинақтайды, таңдаған қызмет саласына тән пәндер мен үдерістерді зерделеу әдістемелерімен танысады, сондай-ақ өз таңдауы үшін жауапкершілікті қабылдау дағдыларын қалыптастырады.

Бейіналды даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық құрамдас бөлігі тұлғалық ерекшеліктерді диагностикалау мен талдауды, ұжымдық және жеке консультациялар мен әңгімелесулерді, бейіналды бағдарламаларды меңгеру тиімділігін

бақылауды, ең алдымен болашақ мамандықты таңдауға дайындық деңгейін, алынған тәжірибені қолдану дағдыларын және өзін-өзі тануды жетілдіруді қамтиды. Бұл бағыт оқушылардың әрі қарайғы білім беру бағытын таңдауға неғұрлым саналы көзқарас қалыптастыруына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Ұйымдастырушылық-әдістемелік компонент оқу-тәрбие үдерісінде кәсіби сынақтардан өтуге мүмкіндік беретін кәсіби бағдарлау іс-шараларын ұйымдастыру мен іске асыруды көздейді. Бұл қызмет оқушылардың өмірде өз бетінше кәсіби таңдау жасауға дайындығын арттыруға бағытталған.

Осы бағыттарды іске асыру арқылы оқушылар өз қабілеттерін тәжірибе жүзінде анықтауға, қалыптастыруға немесе дамытуға, сондай-ақ бастапқы таңдаудың дұрыс болмаған жағдайда одан бас тартуға мүмкіндік алады. Алайда қазіргі заманғы арнайы және инклюзивті білім беру жүйесінде бейіналды даярлауды ұйымдастыру белгілі бір қиындықтармен қатар жүреді.

Бейіналды даярлау іс-әрекеттік тәсіл тұрғысынан қарастырылғанда, ол пропедевтикалық, негізгі және қорытынды деп аталатын бірнеше кезеңді қамтиды.

Пропедевтикалық кезең төмендегі міндеттерді шешуді көздейді:

- оқушылардың жеке қызығушылықтары мен психологиялық бейімділіктері мен қабілеттерін анықтау;
- кәсіби даму тұрғысынан тәжірибе жинақтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- болашақта кәсіби қызметте табысты болуға мүмкіндік беретін танымдық дағдыларды дамыту;
- бейіналды бірлескен қызметке бағытталған оқушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) ынтымақтастық орнату.

Оқыту элективті курстар түрінде ұйымдастырылуы мүмкін, олардың мақсаты – мамандық таңдауды айқындайтын негізгі факторларды зерделеу, оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін талдау, педагогтардың консультациялық жұмысы мен психологиялық қолдау көрсету, экскурсиялар немесе үйірмелер ұйымдастыру.

Бейіналды даярлаудың негізгі кезеңінің бағдарламасы мыналарды қамтиды:

- оқушылардың қызығушылықтарын, қабілеттерін және білім беру сұраныстарын анықтау мақсатында қайта диагностикалау жүргізу;
- болашақ еңбек бағыты мен мансапты таңдаудың әртүрлі тәсілдерімен таныстыру;
- білім алушылардың жеке білім беру траекториясын қалыптастырудағы іс-әрекеттерді үйлестіру;
- бейіналды білім беру мен кәсіби алдын ала таңдауға қатысты ақпараттық және психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету;
- оқушылардың жеке таңдауы бойынша курстардан өту үшін топтар құру;
- оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес жеке оқу жоспарларын әзірлеу;
- жеке және топтық курстарды өткізу үшін оңтайлы сабақ кестесін жасау;
- мамандық таңдау мәселелері бойынша оқушылар мен ата-аналарға жеке кеңес беру және ақпараттық жұмыстар жүргізу;
- оқушылардың таңдауы бойынша пәндік және кәсіби бағдарлық курстарды ұйымдастыру.

Бейіналды даярлаудың қорытынды кезеңі мыналарды көздейді:

- бейіналды білім беру үдерісінің тиімділігін талдау;
- белгілі бір мамандық бойынша білім арудың перспективаларын және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін зерделеу;
- оқушылардың нақты бейінді немесе курстарды таңдауы жөніндегі ақпаратты талдау;
- әзірленген жеке оқу бағдарламалары негізінде бейіндер қалыптастыру;
- әрбір бейіндік сынып бойынша оқушылар тізімін жасау.

Бұл кезеңде бейіндік оқытудың бірнеше бағдарламалық нұсқаларын таныстыру, оқушылар мен олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) сауалнама жүргізу,

оқушылардың оқу жетістіктерінің рейтингін құрастыру, «Мамандықтар жәрмеңкесін» ұйымдастыру сияқты жұмыс түрлері мен әдістері қолданылады.

Арнайы мектептерде/сыныптарда көру, есту қабілеті бұзылған, тірек-қимыл аппараты зақымдалған оқушылар жалпы орта білім алады. 11-12-сыныптарда бейіндік оқыту екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық. Бір немесе екі бағытты таңдау мектеп тарапынан білім алушылардың қажеттіліктері мен ата-аналардың (қамқоршылардың) сұраныстарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Интеллектуалдық бұзылыстары бар білім алушыларды бейіналды даярлаудағы педагогикалық жұмыс бұзылыстың құрылымы мен көріну деңгейіне, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты бірқатар ерекшеліктерге ие. Интеллектуалдық бұзылыстары бар оқушыларды бейіналды даярлаудың басты ерекшелігі – оның вариативтілігі, бұл іс-әрекетті жекелендіру қажеттілігін туындатады.

Ең бастысы – интеллекті бұзылған оқушылардың мамандық таңдау барысында қандай қиындықтарға тап болатынын анықтау және оларды еңсеруге көмектесу. Мамандардың айтуынша, ақыл-ой кемістігі бар адамдарда өз кәсібін таңдауға кедергі келтіретін ең жиі кездесетін қиындықтар мыналар болып табылады:

- оқудан еңбек қызметіне көшуге психологиялық тұрғыдан дайын болмау;
- әлеуметтік осалдық сезіміне байланысты болашаққа нақты жоспардың болмауы;
- өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі және белгілі бір қызмет түріне қабілетін анықтай алмау;
- өндірістік микроклиматтың өзіне әсерін талдай алмау, кәсіби қиындықтарды еңсеруге дайын еместік.

Интеллекті бұзылған білім алушыларды кәсіби алдын ала даярлау барысында педагогтар баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің тиісті әдістемесін айқындауы, психологиялық көмек көрсетуі, ал қажет болған жағдайда медицина қызметкерлерінің медициналық сүйемелдеуін ұйымдастыруы тиіс. Білім алушы және оның ата-аналарымен (қамқоршыларымен) бірлесіп, жасөспірімнің әлеуметтік ортаға кірігуіне және өз қабілеттерін іске асыруына мүмкіндік беретін кәсіби өзін-өзі анықтау жұмыстары жүргізіледі.

### **Қорытынды**

Аталған жағдайлар мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды кәсіби өзін-өзі анықтау мен еңбекке даярлау барысында педагогикалық-психологиялық қолдаудың қажеттілігі мен ерекше маңыздылығын айқындайды, бұл өз кезегінде олардың бейімделуіне және әлеуметтенуіне ықпал етеді. Яғни, білім беруді бейіндендіру мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға кіріктіруге даярлаудың маңызды нысандарының бірі болып табылады. Осыған байланысты мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың бейіналды даярлығы олардың өмірлік маңызы бар таңдауға кешенді түрде дайындалу кезеңі ретінде айрықша мәнге ие болады.

Оқушы білімін жалғастырудың және еңбек қызметімен айналысудың мүмкін әрі қолжетімді жолдары туралы, нақты өзіне аумақтық тұрғыдан қолжетімді білім беру ұйымдарын ескере отырып, ақпарат алуы, оларды өз мүмкіндіктерімен салыстырып, саналы шешім қабылдауы тиіс.

Зерттеушілер көрсеткен психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктерін жалпылай келе, біз бейіналды даярлау процесінде ЕББҚ оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің келесі кезеңдерін анықтай аламыз:

1. Диагностикалық. Бұл кезеңде істердің нақты жағдайы, кәсіптік өзін-өзі анықтау мәселесі белгіленеді, мәселені диагностикалау шарттары жобаланады, ЕББҚ білім алушымен байланыс орнатылады, мәселе хабарланады, бала үшін маңыздылығы тұрғысынан мәселені бірлесіп бағалау жүргізіледі.

2. Ізденіс. Мұнда білім алушылармен проблеманың туындау себептерін бірлесіп іздеу, жағдайға сырт көзбен қарау ұйымдастырылады.

3. Келісім-шарттық. Бұл кезеңде педагог пен ЕББҚ білім алушының әрекеттері жобаланады (мәселені шешу бойынша субъектілер арасында функциялар мен жауапкершілік бөлінеді), келісімшарттық қатынастар орнатылады және кез-келген формада келісім-шарт жасалады.

4. Іс-әрекеттік. Педагог пен білім алушының бірін-бірі толықтыратын іс-әрекеті жасалады: а) оқушы әрекет етеді, ал педагог тарапынан оның іс-әрекетін мақұлдау, ынталандыру, тәуелсіз қадамдардың сәттілігіне назар аудару, бастаманы көтермелеу болады; б) педагог әрекет етеді, ол кезде мамандардың іс-әрекетін үйлестіреді, оқушыға тікелей және кідіріссіз көмектеседі.

5. Рефлексивті. Бұл кезеңде оқушылармен бірге іс-әрекеттің алдыңғы кезеңдерінің жетістіктері мен сәтсіздіктерін бірлесіп талқылау, мәселенің немесе қиындықтың шешілу фактісін анықтау нақтыланады және қайта түсіндіріледі.

Зерттеу мәселесі бойынша шетелдік және отандық әдебиеттерді зерттеу және талдау:

- психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру психофизикалық дамуы бұзылған білім алушыларды әлеуметтік-кәсіптік бейімдеу және қоғамға интеграциялау құралы ретінде бейіналды даярлаудың мазмұны туралы теориялық-әдіснамалық ережелердің мәнін түсінуге бағытталуы тиіс;

- ЕББҚ балалармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби құзыреттілік деңгейі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде жетекші рөл атқарады;

- бейіналды даярлау процесінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың түзету-компенсаторлық бағыты мотивациялық-қажеттілік және коммуникативтік салалардың дамуына, ЕББҚ білім алушының белсенді танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға ықпал етеді;

- бейіналды даярлық процесінде ЕББҚ білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың маңызды аспектісі олардың ата-аналарымен (қамқоршыларымен) жұмыс істеу болып табылатыны көрсетеді.

Демек, арнайы білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі ЕББҚ оқушылардың тұлғасының мотивациялық-қажеттілік және коммуникативтік салаларын, оның ішінде еңбекке даярлығын дамыту деңгейін, сондай-ақ олардың кәсіптік өзін-өзі анықтау тиімділігін арттыруға ықпал ететін арнайы және инклюзивті ұйымдар жағдайында бейіналды даярлау процесінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың ғылыми негізделген және іс жүзінде расталған технологиясын әзірлеу болуы мүмкін.

Жаңа талаптарға сәйкес жетілдірілуі керек болатын технологиялардың түрлі нұсқалары пайда болуы мүмкін.

#### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR24993150 «Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бейін алды даярлауға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1 Сейсенова А.Д. Организационные основы профессионально-трудовой подготовки детей и подростков с особыми образовательными потребностями: методические рекомендации. Ч. 2. – Алматы: ННПЦ КП, 2016. – 62 с.

2 Сыздыкова К. Развитие системы профориентационной работы в школах Республики Казахстан как фактор расширения доступа к высшему, техническому и профессиональному образованию: аналитический доклад (исследовательский отчет). – Алматы, 2018. – 36 с. URL: [https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/09/Сыздыкова\\_верстка.pdf](https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/09/Сыздыкова_верстка.pdf) (дата обращения: 17.12.2025).

3 Donaldson A. Pre-professional training for serving children with ASD: an apprenticeship model of supervision // Teacher Education and Special Education: The Journal of the Teacher Education Division of the Council for Exceptional Children. – 2015. – Vol. 38, no. 1. – P. 58–70. DOI: 10.1177/0888406414566995.

4 Zappella E. Quality of life and professional orientation for people with intellectual disabilities in Northern Italy: a case study // Journal of Psychology & Psychotherapy. – 2018. DOI: 10.4172/1522-4821.1000411.

5 Мовкебаева З.А. Проблемы социальной адаптации людей с ограниченными возможностями в современном обществе // Гумилев педагогикалық журналы. – 2025. – № 1 (150). – С. 283–299. DOI: 10.32523/3080-1710-2025-150-1-283-299. URL: <https://pedjournal.enu.kz/index.php/main-about/article/view/32> (дата обращения: 10.03.2026).

- 6 Чистякова С.Н. Теоретические основания подготовки обучающихся к профессиональному самоопределению // Профессиональное образование и рынок труда. – 2014. – № 3. – С. 2–5.
- 7 Лаврентьева А.В. Психологические факторы, влияющие на профессиональное самоопределение лиц с ограниченными возможностями движения: дис. ... канд. психол. наук: 19.00.03. – Казань, 2005. – 217 с.
- 8 Исмагулова С.К., Сейдина М.З., Жүсіп А.Қ., Молдабаева Р.К. Организационные аспекты профориентационной работы с детьми с особыми образовательными потребностями // Материалы I межрегиональной научно-практической конференции / под общ. ред. М.У. Ибраева. – Кокшетау, 2020. – С. 24–30.
- 9 Поддьяков Н.Н. Словарь по психологии. – М.: Политиздат, 2011. – 431 с.
- 10 Филиппова Е.А., Дрягалова Е.А. Успех. Особенности психолого-педагогической работы: учебно-методическое пособие. – М.: Просвещение, 2012. – 105 с.
- 11 Михайлова Н.В. Психолого-педагогическое сопровождение профессионального самоопределения обучающихся с ограниченными возможностями здоровья: дис. ... канд. пед. наук. – Москва, 2012. – 186 с.
- 12 Гордиевская Е.О. Профессиональная проба в процессе профессиональной ориентации лиц с ограниченными возможностями здоровья как средство их профессионального самоопределения: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – 2009. – 194 с.
- 13 Альмухамбетова Б.Ж., Исабаева З., Асыллова Р.О., Принятие инклюзии учащихся с особыми образовательными потребностями: логистический регрессионный анализ // Торайғыров университетінің Хабаршысы. -2024.-№4. -335-350 бб. DOI: <https://doi.org/10.48081/LTJQ7094>
- 14 Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2024–2025 учебном году». – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2024. – 116 с.
- 15 Пашинова О.В. Особенности профессионального самоопределения и профессиональных предпочтений школьников с интеллектуальными нарушениями // Педагогический ИМИДЖ. – 2018. – № 3 (40). – С. 86–98. DOI: 10.32343/2409-5052-2018-11-3-86-98.

#### REFERENCES:

- 1 Seisenova A.D. (2016). Organizasionnye osnovy profesionälno-trudovoi podgotovki detei i podrostkov s osobymi obrazovatelnyimi potrebnoštiami: metodicheskie rekomendatsii [Organizational foundations of vocational training for children and adolescents with special educational needs]. Ch. 2. – Almaty: NNPS KP, 62 p. (in Russian)
- 2 Syzdykova K. (2018). Razvitie sistemy proforientatsionnoi raboty v şkolah Respubliki Kazahstan kak faktor rasshirenia dostupa k vysşemu, tehničeskomu i profesionälnomu obrazovaniiu: analiticheski doklad (issledovatel'ski očet) [Development of the career guidance system in schools of the Republic of Kazakhstan as a factor in expanding access to higher, technical and vocational education: analytical report (research report)]. Almaty, 36 p. Available at: [https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/09/Сыздыкова\\_верстка.pdf](https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/09/Сыздыкова_верстка.pdf) (accessed 17.12.2025). (in Russian)
- 3 Donaldson A. (2015). Pre-professional training for serving children with ASD: an apprenticeship model of supervision. *Teacher Education and Special Education*, vol. 38, no. 1, pp. 58–70. DOI: 10.1177/0888406414566995.
- 4 Zappella E. (2018). Quality of life and professional orientation for people with intellectual disabilities in Northern Italy: a case study. *Journal of Psychology & Psychotherapy*. DOI: 10.4172/1522-4821.1000411.
- 5 Movkebaeva Z.A. (2025). Problemy sosiälnoi adaptatsii lüdei s ogranichennymi vozmojnostiami v sovremennom obşestve [Problems of social adaptation of people with disabilities in modern society]. *Gumilev pedagogikalyq jurnaly*, no. 1(150), pp. 283–299. DOI: 10.32523/3080-1710-2025-150-1-283-299. Available at: <https://pedjournal.enu.kz/index.php/main-about/article/view/32> (accessed 10.03.2026). (in Russian)
- 6 Chistakova S.N. (2014). Teoreticheskie osnovania podgotovki obuchaiuşihsä k profesionälnomu samoopredeleniiu [Theoretical foundations for preparing students for professional self-determination]. *Professionälnoe obrazovanie i rynek truda*, no. 3, pp. 2–5. (in Russian)
- 7 Lavrenteva A.V. (2005). Psihologicheskie faktory, vliaiuşie na profesionälnoe samoopredelenie lis s ogranichennymi vozmojnostiami dvijenia: dis. ... kand. psihol. nauk: 19.00.03 [Psychological factors influencing the professional self-determination of persons with disabilities : dis. ... kand. Psychological sciences: 19.00.03]. Kazän, 217 p. (in Russian)
- 8 İsmagulova S.K., Seidina M.Z., Jüsip A.Q., Moldabaeva R.K. (2020). Organizasionnye aspekty proforientatsionnoi raboty s detmi s osobymi obrazovatelnyimi potrebnoštiami [Organizational aspects of career guidance for children with special educational needs]. *Materialy I mejrregionälnoi nauchno-praktičeskoi konferensii / pod obş. red. M.U. İbraeva*. – Kokşetau, pp. 24–30. (in Russian)
- 9 Pöddäkov N.N. (2011). Slovär po psihologii [Dictionary of Psychology]. M.: Politizdat, 431 p. (in Russian)
- 10 Filipova E.A., Drägalova E.A. (2012). Uspeh. Osobenosti psihologo-pedagogičeskoi raboty: uchebno-metodicheskoe posobie [Success. Features of psychological and pedagogical work]. M.: Prosveşenie, 105 p. (in Russian)
- 11 Mihailova N.V. (2012). Psihologo-pedagogičeskoe soprovojdienie profesionälnoego samoopredelenia obuchaiuşihsä s ogranichennymi vozmojnostiami zdorövä: dis. ... kand. ped. nauk [Professional testing in the process of vocational guidance for people with disabilities as a means of their professional self-determination: dis. ... Candidate of Pedagogical Sciences: 13.00.08]. Moskva, 186 p. (in Russian)

12 Gordievskaia E.O. (2009). Profesionálnaia proba v prosese profesionálnoi orientasii lis s ogranichennymi vozmojnostámi zdoróvâ kak sredstvo ih profesionálnogo samoopredelenia: dis. ... kand. ped. nauk: 13.00.08. [Professional trial in career guidance of persons with disabilities as a means of their professional self-determination]. 194 p. (in Russian)

13 Älmuhambetova B.J., Ísabaeva Z., Asylova R.O. Prinátie inklüzii uchašihsä s osobymi obrazovatel'nymi potrebnoštámi: logisticheski regresionnyi analiz [Accepting inclusion of students with special educational needs: a logistic regression analysis]. // Toraig'rov universitetinîñ Habarşysy. – 2024. – No. 4. – pp. 335–350. DOI: <https://doi.org/10.48081/LTJQ7094>

14 Instruktivno-metodicheskoe pismo «Ob osobenostáh obrazovatel'nogo prosesa v obšebrazovatel'nyh školah Respubliki Kazahstan v 2024–2025 uchebnom godu» [Instructional and methodological letter “On the features of the educational process in general education schools of the Republic of Kazakhstan in the 2024–2025 academic year”]. Astana: Y. Altynsarin National Academy of Education, 116 p. (in Russian)

15 Pašinova O.V. (2018). Osobenosti profesionálnogo samoopredelenia i profesionálnyh predpochteni škólnikov s intellektuálnymi narušeniami [Features of professional self-determination and professional preferences of students with intellectual disabilities]. Pedagogicheski ÍMIJ, no. 3(40), pp. 86–98. DOI: 10.32343/2409-5052-2018-11-3-86-98. (in Russian)

## ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ УЧАЩИХСЯ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В ПРЕДПРОФИЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ

*Мовкебаева З.А., Жолтаева Г.Н., Альмухамбетова Б.Ж.\**

*Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан, г. Талдыкорган  
\*e-mail: [zmovkebaewa@mail.ru](mailto:zmovkebaewa@mail.ru), [gnzh1661@mail.ru](mailto:gnzh1661@mail.ru), [bibigulya74@mail.ru](mailto:bibigulya74@mail.ru)*

*Аннотация. Статья посвящена проблеме организации психолого-педагогического сопровождения в процессе предпрофильной подготовки обучающихся с особыми образовательными потребностями. Цель исследования заключается в научном обосновании содержания и структуры психолого-педагогического сопровождения, способствующего профессиональному самоопределению обучающихся с особыми образовательными потребностями в условиях специального и инклюзивного образования. Основная идея исследования основана на рассмотрении предпрофильной подготовки как эффективного средства комплексной подготовки обучающихся с особыми образовательными потребностями к жизненному и профессиональному выбору. Научная значимость исследования заключается в дополнении теории предпрофильной подготовки за счёт систематизации этапов и направлений психолого-педагогического сопровождения. Практическая значимость определяется возможностью использования результатов исследования педагогами, психологами и социальными педагогами в образовательных организациях. В ходе исследования применялись методы теоретического анализа, сравнительного анализа, педагогического наблюдения и обобщения. Сущность проведённого исследования состоит в раскрытии теоретических основ организации психолого-педагогического сопровождения в процессе предпрофильной подготовки обучающихся с особыми образовательными потребностями. В результате определены этапы эффективной реализации психолого-педагогического сопровождения в процессе предпрофильной подготовки обучающихся с особыми образовательными потребностями и доказано её влияние на повышение эффективности профессиональной ориентации.*

*Ключевые слова: особые образовательные потребности, предпрофильная подготовка, психолого-педагогическое сопровождение, профессиональная ориентация, профессиональное самоопределение, инклюзивное образование, социализация.*

## PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT FOR STUDENTS WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS IN PRE-PROFESSIONAL TRAINING

*Z. Movkebayeva, G. Zholtayeva, B. Almukhambetova \**

*Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan  
\*e-mail: [zmovkebaewa@mail.ru](mailto:zmovkebaewa@mail.ru), [gnzh1661@mail.ru](mailto:gnzh1661@mail.ru), [bibigulya74@mail.ru](mailto:bibigulya74@mail.ru)*

*Abstract. The article addresses the issue of organizing psychological and pedagogical support in the process of pre-profile training of students with special educational needs. The purpose of the study is to scientifically substantiate the content and structure of psychological and pedagogical support that facilitates the professional self-determination of students with special educational needs in the context of special and inclusive education. The main idea of the research is*

*based on considering pre-profile training as an effective means of comprehensive preparation of students with special educational needs for life and professional choices. The scientific significance of the study lies in supplementing the theory of pre-profile training through the systematization of stages and directions of psychological and pedagogical support. The practical significance is determined by the possibility of using the research results by teachers, psychologists, and social educators in educational institutions. The study employed methods of theoretical analysis, comparative analysis, pedagogical observation, and generalization. The essence of the conducted research consists in revealing the theoretical foundations for organizing psychological and pedagogical support in the process of pre-profile training of students with special educational needs. As a result, a structural and content-based model for the effective implementation of psychological and pedagogical support in the process of pre-profile training of students with special educational needs was developed, and its effectiveness in enhancing career guidance outcomes was substantiated.*

**Keywords:** *special educational needs, pre-profile training, psychological and pedagogical support, career guidance, professional self-determination, inclusive education, socialization.*

**Авторлар туралы мәліметтер:**

Мовкебаева Зүлфия Ахметвалиевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: zmovkebaewa@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2757-3389).

Жолтаева Гүлнар Нурболатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: gnzh1661@mail.ru, ORCID: 0000-0002-8841-1650).

Альмухамбетова Бибиғуль Жексембаевна\* – PhD, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: bibigulya74@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6453-7443).

**Сведения об авторах:**

Мовкебаева Зүлфия Ахметвалиевна – доктор педагогических наук, профессор – исследователь, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: zmovkebaewa@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2757-3389).

Жолтаева Гүлнар Нурболатовна – кандидат педагогических наук, доцент, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: gnzh1661@mail.ru, ORCID: 0000-0002-8841-1650).

Альмухамбетова Бибиғуль Жексембаевна\* – PhD, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: bibigulya74@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6453-7443).

**Information about authors:**

Movkebaeva Zulfia – Doctor of Pedagogical Sciences, Research Professor, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: zmovkebaewa@mail.ru, ORCID: 0000-0003-2757-3389).

Zholtaeva Gulnar – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: gnzh1661@mail.ru, ORCID: 0000-0002-8841-1650).

Almukhambetova Bibigul\* – PhD, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: bibigulya74@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6453-7443).